

**Қорқоршылық кеңестің отырысының
№ 5 Хаттамасы**

«Арқалық политехникалық колледжі» КМКК

«14» 10 2024 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов

Кеңес хатшысы – А.Г. Бисенгалиева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайюжэлектросервис» директоры
2. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы
3. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
4. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
5. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
6. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
7. Усенова Ж.Е. - 1 курс білім алушысының ата-анасы

Қатыспағаны:

1. Доғсов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
2. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры
3. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты

Күн тәртібі:

1. Студенттерге өндірістік тәжірибеден өту туралы келісім-шарттар жасауға, әлеуметтік серіктестермен бірлескен қызмет туралы келісім-шарттар жасауға көмек көрсету.
2. Колледж студенттері арасында құқық бұзушылықтардың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, буллингтің және лудоманияның алдын алуға көмек көрсету.
3. Жасөспірімдер арасында қосымша білім беру (үйірмелер мен спорт секциялары) іс-шараларын қолдау.
4. Эр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары Г.М.Жайлаубаева сөз сөйледі. Ол Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне студенттердің 2-3 курсындағы өндірістік тәжірибеден өту үшін әлеуметтік серіктес кәсіпорындармен көлісім-шарттар жасау туралы ақпаратпен таныстыруды. Г.М.Жайлаубаева әлеуметтік серіктестерге, атап айтқанда ТОО «Алюминстрой», КГП «Костанайюжэлектросервис», ИП «Омарова» кәсіпорындарының басшыларына өндірістік тәжірибеден өту орындарын ұсынғаны үшін ерекше алғыс білдірді. Әлеуметтік серіктестердің студенттерді дуальды оқыту жүйесін дамытуға және колледж түлектерін жұмыспен қамтуға қосқан үлесі атап өтілді.

Екінші сұрақ бойынша колледждің әлеуметтік педагогы М.Б.Искакова сөз сөйледі. Ол колледж студенттері арасында құқық бұзушылықтардың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, буллингтің және лудоманияның алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы хабардар етті. Колледже студенттердің денсаулығын сақтау мәселесіне қызығушылықты арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізіледі. Студенттермен денсаулықты сақтау бойынша өмір салтын қалыптастыру үшін әртүрлі, стандартты емес әдістер қолданылады: құқық қорғау органдарының, медицина қызметкерлерінің өкілдерімен кездесулер, әңгімелесулер, тестілеулер, викториналар. Колледж педагогтары мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Арқалық қаласының Полиция басқармасында профилактикалық есепте тұрған студенттер туралы, сондай-ақ осы категориядағы студенттермен өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат берілді.

Үшінші сұрақ бойынша оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары А.Г.Бисенгалиева сөз сөйледі. Ол «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген тәрбиелік іс-шаралар туралы ақпарат беріп, студенттерді қоғамдық шараларға тарту бойынша негізгі мақсаттары мен міндеттерін таныстыруды. Сонымен қатар, колледж студенттерінің шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларындағы қызығушылықтары туралы ақпарат ұсынылды. Студенттер 8 шығармашылық үйірмеге және 8 спорт секциясына қатысады, сондай-ақ қалалық және облыстық байқаулар мен жарыстарда женімпаздар атанған.

Төртінші сұрақ бойынша оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары Г.М.Жайлаубаева 5 мамандық бойынша шеберханалардың галереясын жасау үшін тақырыптық стендтер сатып алу жөніндегі ұсынысымен Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне жүгінді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бұл мәселені шешуге көмек көрсету туралы бір ауыздан көлісім берді.

Шешім:

- 1.Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі үшін кәсіпорындармен келісім-шарттар жасауға және әлеуметтік серіктестермен бірлескен қызмет туралы келісім-шарттар жасауға көрсетілген көмек туралы ақпаратты назарға алу.
- 2.Колледж студенттері арасында құқық бұзушылықтардың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, буллингтің және лудоманияның алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты назарға алу.
- 3.Колледж студенттерін қосымша біліммен (үйірмелер мен спорт секциялары) қамту туралы ақпаратты назарға алу.
- 4.Колледждің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында колледж шеберханаларының галереясына тақырыптық стендтер жасауға көмек көрсету.

**Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы**



А.К. Муканов

**Қамқоршылық кеңесінің
Хатшысы**



А.Г.Бисенгалиева